

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Мектепке жол" қайырымдылық акциясы

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.09.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/125394/>

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы



Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өткізілуде.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

«Мектепке жол» акциясы жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында өткізілетінін атап өтейік. Акция барысында **Ж.Жабаев атындағы №161 лицей** де өз кезегінде аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетіп, мектеп оқушыларына демеушілік жасады. Акцияға белсене қатысқан мектеп ұжымына және де ата-аналарымызға ризашылығымызды білдіреміз!

Қайырымдылық қорында,

Ізгілік жолында.

Мың алғыс, ағалар!

Әркез жүрегіміз кең, пейіліміз ақ болып жақсылық жасауға ұмтылып тұрайық!!!

Медеу ауданы

Ж.Жабаев атындағы №161 лицей

әлеуметтік педагог

Тілеубекова А.Т.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.